

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 шілде 1994 ж. N 856. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы" 1994 жылғы 13 маусымдағы N 1730 U941730_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне мынадай негізгі міндеттерді орындау жүктелсін:

Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және сауда салалары қызметінің жергілікті атқару органдарымен өзара іс-қимылын мемлекеттік басқару мен үйлестіру;

өнеркәсіп, сыртқы және ішкі сауда салаларының басым даму айқындамалары мен бағдарламаларын әзірлеу;

республиканың экономикасын тұрақтандыру және көтеру мақсатында өнеркәсіп пен саудада түбегейлі экономикалық реформалардың жүзеге асуына белсенді ықпал жасау;

өндірістік әлеуеттің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, өнеркәсіп пен саудада нарықтық қатынастар мен құрылымдық қайта құруларды одан әрі дамыту негізінде халық тұтыну тауарлары мен өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдерді шығаруды ұлғайту;

әлемдік нарықта сұранысқа ие бәсекелестік қабілеті бар тауарлар өндірісін ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;

өнеркәсіп пен саудада ғылыми-техникалық, инвестициялық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

Қазақстан Республикасының шет елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастығын ұйымдастыру, шет елдермен сауда-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруда министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті әкімдердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыстарын үйлестіру, шаруашылық жүргізуші субъектілердің сыртқы нарықта Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтауына бақылау жасау;

өнімдердің экспорты мен импортын ұйымдастыру және реттеу /мұның ішінде лицензиялау/, мемлекеттік сыртқы сауда компаниялары арқылы мемлекеттік мұқтаждықтар үшін азық-түлікті, шикізат, медицинаменттерді, жабдықтар мен

басқа да өнімдерді орталықтандырылған сатып алуды жүзеге асыру;
әлемдік, нарықтың конъюнктурасын зерттеу және оның дамуының ағымымен болжамдау, баға, валюта-қаржы, кредит, құқық мәселелері бойынша, сол сияқты экспортқа шығарылған өнімдердің сыртқы нарықтың сапасы мен талаптары бойынша республиканың сыртқы экономикалық байланыстарына қатысушыларды әдістемелік, ақпараттық, маркетингтік және консультациялық жағынан қамтамасыз ету;

республиканың сыртқы экономикалық байланыстарына қатысушылардың шетел әріптестерімен сауда-экономикалық, валюта-қаржы, ғылыми-техникалық және басқа да қатынастарын реттеу;

шетелдегі Қазақстан Республикасы сауда өкілдіктерінің қызметіне белгіленген тәртіппен басшылық жасау;

тікелей өндірістік және ғылыми-техникалық байланыстар орнату, шетел фирмаларымен бірлескен кәсіпорындар құру;

халықаралық экономикалық ұйымдар мен органдардың жұмысына қатысу; республикада және шетелдерде халықаралық көрме, жәрмеңке, аукцион, жарнамалық және басқа да шаралардың өткізілуін үйлестіру;

конъюнктураны болжамдау және тұтыну нарқының ауқымын айқындау, тауар ресурстарын қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, республиканың сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін үйлестіру және реттеу, тұтынушылар құқын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

мемлекеттік басқарудың тиісті органдарымен бірлесіп монополияға қарсы саясат жүргізу, мемлекет иелігінен алу және мемлекет меншігін жекешелендіру, санациялау және зиян шегуші кәсіпорындарды жою жөніндегі шаралар мен бағдарламалар кешенін жүзеге асыру, өнеркәсіп пен саудада кәсіпкерлікті дамыту.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының таратылған Өнеркәсіп министрлігіне, Сауда министрлігіне, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу институттары мен басқа да ұйымдардың мүлкіне ие болу, пайдалану және басқару құқын беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппараты қызметкерлерінің шекті штаттық саны 298 адам болып, мұның ішінде Мемсаудаинспекциясында - 14 адам болып /ғимаратты күзетіп, қызмет көрсететін адамдардан басқа/ белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне

министрдің төрт, мұның ішінде министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын бір бірінші орынбасары және 11 адамнан тұратын алқасы болуына рұқсат етілсін. Алқа құрамына лауазымдары бойынша министр мен оның орынбасарлары, сондай-ақ министрліктің басшы қызметкерлері, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары кіреді деп белгіленсін.

Министрліктің алқа құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне орталық аппараттың штатын белгіленген саны және еңбек ақы қоры шегінде бекіту құқы берілсін. < * >

Ескерту. 4-тармақтың 3 абзацынан сөздер алынып тасталған - ҚРМҚ-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне Өнеркәсіп министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Сауда министрлігінің заңды мұрагері ретінде, орталық аппаратты орналастыру үшін Абылай хан даңғылындағы, 77 /бұрынғы сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің ғимараты/, Гоголь көшесіндегі, 111 /бұрынғы Өнеркәсіп министрлігінің ғимараты/ әкімшілік ғимараттары берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің техникалық құралдар мен телефон арналарына, телекстік және телефакстық, мұның ішінде халықаралық байланыстарға, жұмсақ және қатты мүкәммалға, ұйымдық техникалар мен басқа да қажетті жабдықтарға сұранысын шарттық негізде таратылған Өнеркәсіп министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Сауда министрлігінің лимиті шегінде қамтамасыз ететін болсын.

7. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігіне 5 қызметтік автомобиль лимиті белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі 2 апта ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі туралы Ереженің жобасын бекітуге ұсынсын.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі 2 апта ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне осы қаулыға қайшы келетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылғанын тану туралы қаулының жобасын ұсынсын.

10. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің қызметкерлері үшін 1995 жылы 600 шаршы метр жалпы тұрғын

ү й а ла ң ы н б ө л е т і н б о л с ы н .

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі осы мақсаттар үшін
Экономиканы жаңғырту қорынан қажетті қаражат қарастыратын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК